

ОӘЖ 343.133

Ерланова Ақерке Ерланқызы

қылмыстық-құқықтық пәндер кафедре оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: akuweva98@mail.ru

Жарылгасин Айдос Мақсатович

ШҚО, Адвокаттар алқасының адвокаты, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедре оқытушысы, магистр, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: Aidos.prok@mail.ru

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ БОЙЫНША
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ**

Мақалада кінәсіздік презумпциясы және процестік келісім бойынша халықаралық тәжірибе жөнінде түсініктеме беріледі. Процестік келісім, яғни сот төрелігімен мәміле – қылмыстық процесте келісімге қол жеткізудің процесі екені және процестік келісім институты шет мемлекеттердің тәжірибесінде кеңінен орнын тапқаны және өзінің бірқатар өзгешеліктерімен ерекшеленетінін, шетел мемлекеттерінің заңнамалық тәжірибесін салыстырмалы зерттеу, оң нәтижелерін алу күннен-күнге өзектілігін арттыратыны, заң шығарушы әрдайым белгілі бір реформалар жасау барысында шетелдердің тәжірибесін зерттей келе заңдар қабылдай алатыны туралы қарастырылады.

Түйін сөздер: кінәсіздік презумпциясы, кінә, қылмыс, процестік келісім, сот, тергеу, заң.

В статье дается разъяснение международного опыта по презумпции невиновности и процессуальному соглашению. Процессуальное соглашение, т. е. сделка с правосудием – процесс достижения соглашения в уголовном процессе, и что ряд иностранных государств на территории Украины широко изучают особенности института процессуального соглашения отличаться от места практики, законодательного опыта иностранных государств, сравнительного исследования, получения положительных результатов со подтверждением актуальности, о том, что в ходе законодательной реформы, принимать законы, исследуя опыт зарубежных стран, предусматривается создание определенной всегда.

Ключевые слова: презумпция невиновности, вина, преступление, процессуальное соглашение, суд, расследование, закон.

The article provides an explanation of international experience on the presumption of innocence and procedural agreement. Procedural agreement, i.e. deal with justice – the process of reaching an agreement in criminal proceedings, and that a number of foreign States on the territory of Ukraine widely study the features of the institution of procedural agreement differ from the place of practice, the legislative experience of foreign States, comparative research, obtaining positive results with confirmation of relevance, that in the course of legislative reform, to adopt laws, examining the experience of foreign countries, provides for the creation of a certain system.

Keywords: presumption of innocence, guilt, crime, procedural agreement, court, investigation, law.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 77-бабына сәйкес, адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі. Бұл Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактте жарияланған негізге алынатын принциптердің бірі:

«қылмыстық іс бойынша айыпталған әрбір адам, кінәсі заң бойынша дәлелденгенге дейін, кінәсіз деп есептелуге құқылы» [1].

Кінәсіздік презумпциясы (кінәсіздікті болжау) принципі әрбір адам, оның қылмыс жасағанының кінәсі қарастырылған тәртіппен дәлелденіп, заң күшіне енген сот үкімімен белгіленгенше кінәсіз болып есептелетінін білдіреді (ҚПК-нің 19-бабы). Адамның қылмыс жасағанының кінәсі сотта дәлелденіп,

тиісті үкім заң күшіне енгенге дейін адамның кінәлілігі туралы ойлар мен пікірлерді, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында да айтуға жол берілмейді. Сот ісін жүргізудің осы принципінің ерекшелігі оның соттық құқық қолдануының өзге де: айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес (77-баптың 3-тармағының 6) тармақшасы) және адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады (77-баптың 3-тармағының 8) тармақшасы) деген сияқты конституциялық принциптермен өзара байланысы болып табылады. Айыптау үкімі болжауларға негізделе алмайды және егер сот талқылауы барысында сотталушының қылмыс жасағанының кінәсі дәлелденген кезде қабылданады [1]. Кінәсіздік презумпциясы

айыптау бағытын оның көрінуінің барлық нысандарында қабылдамай, айыптыны кінәсіздігін дәлелдеуден босатады. Адамның қылмыс жасағандығының кінәсін дәлелдеу міндеті заңда айыптаушыға жүктелген. Кінәсіздік презумпциясын қолдану сот төрелігі саласымен шектелмей, қылмыстық іс жүргізудің барлық сатыларына және оның барлық қатысушыларына таралатынын атап өткен жөн.

Процестік келісім немесе былайша айтқанда, сот төрелігімен мәміле – қылмыстық процесте келісімге қол жеткізудің процесі екені анық. Қылмысты қудалау органы күдіктіге, айыпталушыға соттың алдында жазаның түрі мен мөлшерінен жеңіл сұрау шартымен, қылмыс жасағанын мойындау мүмкіндігін ұсынады.

Егер шет елдерінің тәжірибесін қарайтын болсақ, процестік келісім институтын енгізу қажеттілігі мынадай факторлармен айқындалғанын байқаймыз:

- қылмыстық істерді тергеу жеделділігі мен тиімділігі артады, бұл тергеушілердің, жедел қызметкерлердің, прокурорлар мен судьялардың жүктемесіне оң әсер етеді;

- тергеу органдарының күштері мен құралдары үнемделеді, оларды ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашуға жіберуге болады;

- «сот төрелігімен мәміле» шартты соттауды қоса алғанда, жазалаудың баламалы түрлерін (бас бостандықты шектеу, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары және айыппұл) қолдау арқылы бас бостандығынан айырылуға сотталған адамдардың санын қысқартуға мүмкіндік береді;

- ҚПК-те ұйымдасқан қылмыс, қылмыстық қауымдастық және т.б. қауіпті нысандарды анықтау үшін жаңа құрал пайда болады [4].

Процестік келісім институты шет мемлекеттердің тәжірибесінде кеңінен орнын тапқан және өзінің бірқатар өзгешеліктерімен ерекшеленеді.

Процестік келісім АҚШ-тың, Үндістанның, Италияның, Францияның, Грузияның, Эстонияның, Польшаның және Ресейдің қылмыстық заңнамаларында бұрыннан қолданылады. Заң шығарушы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне процестік келісімнің жаңа институтын енгізбестен бұрын, аталған мемлекеттердің және басқа да мемлекеттердің тәжірибесін талдап, оған сүйенгенін жасырмайды [13].

Ресейлік қылмыстық сот ісін жүргізуде бұл институт бұрыннан бар. Бұл, таңғаларлық емес, өйткені, кінәні мойындау туралы мәміленің институты құқық қорғау органдары жұмысының жылдамдылығы мен тиімділігіне ықпал етеді, себебі, қылмыстық бұзушылықты жасағанын мойындаған адам дәлелдемелерді жинау кезінде тергеуге көмектесетіні және істің маңызды мән-жайларын нақты орнатуда айтарлықтай көмек көрсете алатыны сөзсіз.

Шетел мемлекеттерінің заңнамалық тәжірибесін салыстырмалы зерттеу, оң нәтижелерін алу күннен-күнге өзектілігін арттыруда. Заң шығарушы әрдайым белгілі бір реформалар жасау барысында шетелдердің тәжірибесін зерттей келе заңдар қабылдайды. Кодекстің жаңалықтарының бірі болып «процестік келісім» институтын айтуға болады, ол өзінің мәні бойынша Америка Құрама Штаттарының қылмыстық әділет тәжірибесінде кеңінен қолданылып келе жатқан «кінәні мойындау туралы мәміле (plea bargain)» институтының кейбір элементтерін қамтыған.

Англосаксондық қылмыстық сот ісін жүргізуге тән, «сот төрелігімен мәміле жасасу» атты процесстік келісім классикалық моделі, алғашында АҚШ-та пайда болған және ол 150 жылдай әрекет етуде. Құрама штаттарда сот төрелігімен мәміле жасасу – ол прокурор сотталушыға жасалған қылмысы үшін өз кінәсін мойындауды ұсынады, ал үкім бойынша жаза жеңілдейтін болады. Мәміле айыпталушыға сот талқылауынан және алғашқы тағылған ауыр айып бойынша босауға мүмкіндік береді [14]. Сот төрелігімен мәміле жасасу АҚШ-ның қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесінде маңызды орынға ие. Сот процестерінің көбісі алқабилер сотымен емес, өз кінәсін мойындаумен шешіледі. Мәміле сотпен мақұлдануы тиіс, сонымен қатар, әр штаттың және хүкімнің өзіндік ережесі болады. Англия, Викторияның аустралиялық штаты, Уэльс секілді кей мемлекеттерде, сот төрелігімен келісім, тек айыптаушы мен қорғаушы тарап арасында айыптаушымен тағылған айыптардың тек кейбіреулерімен ғана келісуге мүмкіндік береді, қалған айыптар прокурормен тағылмайды. Аталған территориядағы соттар жаза тағайындауды өздері шешуге құқығы бар, яғни жаза түрін тағайындау бойынша мәміледе көрсетілмейді [15].

П. Михайловтың пікірінше, америкалық қылмыстық процесте алдынала тергеудің

мазмұны, алқабидің қатысуымен қаралатын ауыр қылмыстардан басқа, полициялық бейресми тергеу болып табылады. Оның пікірінше, полициялық бейресми тергеу дегеніміз – кінәсін дәлелдейтін дәлелдемелермен танысуға мүмкіндігі жоқ айыпталушымен «соқыр ойын» болып табылады. Сотқа беру сатысында айыптаушы мен айыпталушының арасында айыпталушы жауапты болатын қылмыстың дәрежеленуі бойынша «сауда» жүреді, кей штаттарда мұндай «саудада» судья да қатысады. Оның пікірінше, қылмыстық процеске аталған мәмілені енгізу азаматтардың негізі құқықтары мен бостандықтарына қайшы келеді және қоғамдағы құқықтық принциптерге сәйкес келмейді. АҚШ-тың көптеген заңгерлері, мұндай мәмілеге келу сот төрелігі үшін ұят деп санайды. Осындай мәмілелер айыпталушы тарапына ұтымды болып табылады, сондықтан айыпталушы көп жағдайларда сотпен мәмілеге келіп, кінәсін мойындайды. Мұндай ретте, сот, сотталушының алқабилерсіз қарап, ауыр қылмыс жасағаны үшін жауаптылықтан құтылу үшін жеңілірек қылмысты мойындап, жеңілірек үкім шығаруға, кейбір айыпты алып тастауға немесе сотталушыға басқа да жеңілдіктер беруге келіседі [16].

Бұл ретте, И. Петрухиннің пікірінше АҚШ-тың осы институт бойынша тәжірибесі ақылға қонымды және өздерінің ұлттық дәстүрлеріне сай келеді, өйткені, бұл іс жүргізуді қысқартады, сот жүйесіне ауыртпалықты азайтады, оның үстіне, кінәлі адам өзін толық немесе жартылай кінәсіз деп тануға құқығы бар психикалық дені сау адамға құрметке негізделген болса, Ресей менталитеті үшін кінәні мойындау туралы мәміле жат болып келетіндігін көрсетеді. Қылмыстық сот төрелігінде мәміле – моральға жат, абыройсыз көрініс; бұл қылмыстық іс бойынша биліктің ақиқатты анықтауға қабілетсіздігін куәландырушы болып табылады. Кінәні мойындау туралы мәміле сыбайлас жемқорлықтың таралуына ықпал етеді. Мәміле, сотқа дейін соттың қатысуынсыз жасалып, ауыр айып бойынша қылмыстық істердің қысқартылуына әкеледі. Адвокаттар заң қорғайтын прокурорлармен келісімге келу үшін қызмет көрсететін іскерлерге айналады. Сот төрелігі саудаға айналады [17].

Дегенмен, бұл пікірлерге қайшы осындай мәмілені қолдайтын ойшылар да бар.

Қолдаушылардың пікірінше, кінәні мойындау туралы мәміленің (сот төрелігімен

мәміленің) артықшылығы ретінде, дауласушы тараптардың қысқа уақытта келісімге келу жолы, айыпталушының (сотталушымен) қылмысты жасағанын мойындап, жазасын өтеуге дайындығын көрсетеді. Қудалау органдары мен соттардың уақытын үнемдеп, қылмысты қудалау органдарын перспективсіз іс бойынша жаңа айғақтарды іздеуден босатып, күшін басқа күрделі, ауыр істерді ашуға жұмсау болса, соттардың жұмыс ауқымын азайтады [18]. Біздің пікірімізше, осы институтты қолдау туралы мұндай тұжырым ұтымды, өйткені, бұл құбылыс отандық қылмыстық сот ісін оңтайландырудың және оны әлемдік стандарттарға жақындатудың бірден-бір кепілі десек қателеспейміз.

Бұл ретте, осы институтқа қатысты ғалымдардың, ойшылардың және әділет органдарының арасында қатынастары біркелкі еместігін, яғни бұл құбылысты жақтаушылармен қатар, оған қарсыластары бар екенін көруге болады.

Сот төрелігімен мәміле жасау Польшада да қолданылады, бірақ, шектелген түрде жүзеге асады, яғни тек ауырлығы төмен қылмыстар бойынша және бас бостандығынан айыру мерзімі 3 жылдан аспайтын қылмыстар бойынша ғана жасалуы мүмкін. «өз еркімен жазаға бағыну» атты процедурасы сотқа дәлелдемелерді зерттеусіз, сот талқылауының мерзімін қысқартып, тез аяқтауға мүмкіндік береді [14].

Эстонияда кінәні мойындау институты 90-шы жылдары енгізілді, бұл институт көптеген сот процедураларын болдырмауға және жазаны жеңілдетуге мүмкіндік берді. Эстонияның тәжірибесінде сот төрелігімен мәміленің өзіндік талабы бар, яғни мұнда, түрмеге қамаққа алу мерзімі 4 жылдан астам қылмыстар бойынша мәміле жасалады.

Италия тәжірибесіне келер болсақ, мұнда, процестік келісім терроризммен күресу шеңберінде 1970 жылдан бастап, ал мафиямен күресу мақсатында 1980 жылдан бастап қолданылады. Өздерінің сыбайлас қатысушылары туралы мәліметтер берген қылмыскерлер жазаның жеңілдетілуіне сене алады, ал, ұсақ қылмыскерлер мүлде жазадан босатыла алады. «Өкінгендер» үшін куәлерді қорғау бағдарламасы бар. Мафияға қарсы жүргізген тергеуде бірінші «өкінген» адам - Томмазо Бускетта болды. Оның көмегімен 350 сацилийстік клан мүшелері түрмеге отырғызылды. Критиктердің айтуы бойынша,

қылмыскерлер түрмеге отырудан құтылу мақсатында жалған мәліметтерді табыс етеді.

Францияда процестік келісім механизмі шектеулі түрде жүзеге асырылады. Прокурор онша ауыр емес қылмыс жасаған айыпталушыға оның өз кінәсін мойындауын 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасымен алмастыру жөнінде ұсыныс жасай алады. Оппоненттер процестік келісім адамдардың қорғалу 127 құқығы мен кінәсіздік презумпциясы қағидаларын өрескел бұзады деп есептейді.

Үндістанда процестік келісім институты 2006 жылдан бастап әрекет етеді. Жазаны жеңілдету мүмкіндігі тек заңға қайшы әрекеті үшін 7 жылға дейінгі мерзім белгіленген өз кінәсін мойындаған айыпталушылар үшін қарастырылған. Осындай қылмыстарға: адамның денсаулығына зиян келтіру, құжаттарды қолдан жасау, көлікті қауіпті айдау және т.б. Бірақ, әйелдер мен балаларға қарсы қылмыс жасаған айыпталушылармен мұндай келісім жасалмайды.

Испания заңнамасында мұндай институт қарастырылмаған, бірақ оның элементтері айқын көрініс табады. Жасалған қылмыс үшін 3 және 6 жылдан аспайтын жаза мерзімі белгіленген қылмыстарды жасаған қылмыскер, өз кінәсін мойындаған жағдайда, қылмыскер, прокурор, сот арасындағы келісім бойынша жазаның мерзімі норма санкциясының 1/3 бөлігінен аспауға тиіс.

Ал, Грузияның тәжірибесінде процестік келісім институты 2004 жылы сыбайлас жемқорлықпен күрес кезінде пайда болды. Келісім жасау мүмкіншілігі қылмыстық түрі мен дәрежесі бойынша шектелмейді. Процестік келісім жасау ұсынысы айыпталушы және прокурор жақтан болуы мүмкін. Прокурор айыпталушыға жазаны жеңілдетумен қатар мемлекет бюджетіне ақшалай айыппұлды төлеу нәтижесінде қылмыстық істі қысқартуды ұсына алады. Айыппұлдың сомасы әр адамға жекеше

қарастырылады. Грузиялық процесуалдық келісімнің «өзгешеліктерінің» бірі, процестік келісім негізінде кінәлі адамға тағылған Қылмыстық кодекстің бабында айыппұл қарастырылмаған қылмыстарға да, сотпен жаза ретінде ақшалай айыппұлды тағайындауға болады [13].

Шет ел мемлекеттерінің қалыптасқан тәжірибесіне талдау жасай келе, процестік келісім (Сот төрелігімен мәміле) институты сотқа дейінгі іс жүргізуді тездетуге, сот талқылауының жедел аяқталуына, ақшалай айыппұлдар есебінен мемлекет бюджетін толықтыруға, құқық қорғау органдарының қылмыстармен күресуге көмегін тигізетініне көзмізді жеткіздік.

Талдауды қортындылай келе, біздің пікірімізше процестік келісімге отыратын кінәлі адамға тағылған Заң нормасында айыппұл қарастырылмаған қылмыстарға да жазаның орнына айыппұлды белгілейтін Грузия мемлекетінің тәжірибесі отандық заңнамаға енгізу қажет деп санаймыз. Өйткені еліміздегі «түрме халқы» санын азайту өзекті мәселелердің бірі болып табылады және ол, мемлекетке кері әсерін береді. Дәлірек айтатын болсақ, 15 жыл бұрын Қазақстан түрмедегі халық саны бойынша әлемдік рейтингте 3-ші орында болғаны жасырын емес, десекте бүгінгі таңда еліміз 68-ші орынға көтерілді. Әрине бұл жақсы көрсеткіш болғанымен, алдымызда тұрған дамыған мемлекеттердің қатарына теңесу мақсатымызға, әлі де жеткіліксіз.

Сондықтан да Грузия мемлекетінің мұндай тәжірибесі ақшалай айыппұлдар есебінен мемлекет бюджетін толықтырумен қоса, еліміздегі «түрме халқы» санын азайтуға, іс жүргізуді үнемдеп қылмыстық сот ісінің оңтайлы моделіне қолжеткізу мүмкіндігін арттырып, мемлекеттің қылмыстық саясатын тиімді етуге ықпалын тигізе отырып, нәтижелі оң бастамаға әкеледі деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы — Қазақстан Республикасының Ата Заңы, 1995 жылы 30 тамыз. [//www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz).
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» N 858 Жарлығы қаулысы (Электрондық ресурс) – Қолжетімділік тәртібі: [//www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz).
3. Ақпараттық сервис Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепкеалу жөніндегі комитетінің сайты (Электрондық ресурс) – Қолжетімділік тәртібі: <https://qamqor.gov.kz/>.
4. Қазақстан Республикасының Жоғары сотының сайты (Электрондық ресурс) – Қолжетімділік тәртібі: <http://sud.gov.kz/>.
5. Рустамов Х.Ц. Уголовный процесс. Формы. – Москва, 1998. – с. 283.
6. Сборник документов Совета Европы в области защиты прав человека и борьбы с преступностью. – М., 1998. – С. 383.
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процес кодексі 04.07.2014ж. (Электрондық ресурс) – Қолжетімділік тәртібі: [//www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz).

8. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіптегіс жүргізу практикасы туралы» № 4 Нормативтік қаулысы (Электрондық ресурс) – Қолжетімділік тәртібі: [//www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz).
9. Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан 2014 года. Том 2. Особенная части – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С. 851.
10. 2015 жылғы Астана қ. ПД «Есіл» ауданы ІІБ архиві.
11. Қазақстан Республикасының 2018ж. 12 шілдедегі № 180-VI «Кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнама мен құқық қорғау жәнеарнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларенгізу туралы» Заңы [//www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz).
12. Пен С.Г., Сарсенбаева Б.Б. Дискуссия об оптимизации производства поуголовным делам путем институционализации сделки о признании вины//Сборник конференции поуголовно-процессуальному праву. – Ташкент, 2009. – с. 366.
13. А.Н.Ақпанов, Ә.О. Балғынтаев Қылмыстық құқық және қылмыстық процес «Қылмыстық процесстік келісімді құқықтық реттеудің олқылықтары» Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы, № 2 (38) 2015 ж.
14. Международный научно-популярный журнал // Қазақстанның ғылымы мен өмірі №2/1 (56) 2018.
15. Тулеуова М.Е. «Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісіндегі процесстік келісім институтын заңнамалық дамытуаспектілері» Құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету: Жаһандық өзгерістераясындағы жаңа мүмкіндіктератты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2018. – 323.
16. Махов, В.Н. Уголовный процессСША (досудебныестадии): учеб.пособие / В.Н.Махов., М.А.Пешков - М., -1988. - 208 с – пособие.
17. Михайлов П. Сделки о признании вины – не в интересах потерпевшихРоссийская юстиция № - 2001. №5.
18. Петрухин И.Л. Сделки о признании винычужды российскому менталитету // Российская юстиция, 2001 №05; Он же. Судебная власть / под ред. Петрухина И.Л. – М: ООО «ТК Велби», 2003.С.190.

Ерланова Ақерке Ерланқызы

Лауазымы: Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедра оқытушысы

Почталық мекен-жайы: индекс 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абай көшесі, 14

Ұялы тел.: 87073616242

Жарылгасин Айдос Мақсатович

Лауазымы: ШҚО, Адвокаттар алқасының адвокаты, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедра оқытушысы, магистр

Почталық мекен-жайы: индекс 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Абай көшесі, 14

Ұялы тел.: 87752999275

Қылмыстық іс жүргізудегі процесстік келісім бойынша халықаралық тәжірибе

Ерланова Акерке Ерлановна

Должность: преподаватель кафедры уголовно-правовых дисциплин Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета

Почтовый адрес: индекс 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 14

Сот. тел: 87073616242

Жарылгасин Айдос Мақсатович

Должность: адвокат коллегии адвокатов ВКО, преподаватель кафедры уголовно-правовых дисциплин Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, магистр

Почтовый адрес: индекс 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 14

Сот. тел: 87752999275

Международный опыт по процессуальному соглашению в уголовном процессе

Erlanova Akerke Erlanovna

Position: Teacher of the Department of criminal law disciplines of the Kazakh humanitarian and legal innovation University

Mailing address: index 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Abay, 14

Cells. ph: 87073616242

Jarylkasyn Aidos Masatovic

Position: Lawyer of the bar Association of East Kazakhstan region, teacher of the Department of criminal law Kazakh humanitarian and legal innovation University, master's degree

Mailing address: index 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Abay, 14

Cells. ph: 87752999275

International experience on the procedural agreement in the criminal process